

Au, Zn, Cd, Hg, Fe және Ni тұздары қолданылады, яғни комплексті тұздар түзуге қабілетті металдар. Процесті қолданылатын спирттердің қайнау температураларынан жоғары емес температураларда жүргізеді.

Басқа патентте [24] көмір қышқылы моноэфирлерінің сілтілік тұздарын алудың өте жеңілдетілген процесі сипатталған. Процесті негіз (аммиак, триэтиламин, пиридин) қатысында сәйкес сілтілік металдың спирттердегі ерітіндісі немесе суспензиясы арқылы CO_2 барботирлеу арқылы жүргізеді. Негіз бөлінген хлорлы сутектің акцепторы болып табылады. Түзілген амин хлоргидратын сүзеді, ал көмір қышқылының моноэфир тұзын спирттік ерітіндіні буландыру арқылы бөледі.

3.1.4. Фено мен нафтолдарды алкилкөмірқышқылының сілтілік тұздарымен карбоксилдеу

Бұрын әдебиеттерде тек бір ғана жұмыста [25] фенолды карбоксилдеу реакциясында карбоксилдеуші агент ретінде көмір қышқылының моноэфирлерінің сілтілік тұздарын қолдану жөнінде қысқаша мәліметтері болды. Фенолдың натрий-этилкарбонаттың этанолдағы суспензиясымен қоспасын 175°C -ге дейін жайлап қыздырып, біруақытта еріткішті (100°C -ға дейін, 1 атм) және әрекеттеспеген фенолдың бөлігін айдап (175°C -ға дейін, төменгі қысым) және әрі қарай реакциялық қоспаны өңдегенде (сумен өңдеу, эфирмен экстрагирлеу, сулы фазаны қышқылмен қышқылдау) $\sim 50\%$ шығыммен о-оксибензой қышқылы алынған. Калийэтилкарбонатты қолданғанда о-оксибензой қышқылымен қатар, аздаған шығыммен п-оксибензой қышқылы алынған.

